– Нет, нет! – сказала Валя. – Я не пойду. Это нехорошо.

– Что значит нехорошо? – удивился Карик.

– Да у меня все кости торчат наружу. Смотри, какая я худая. Надо мной смеяться будут» [4, С. 265].

Мотивировка весьма необычная. Я. Ларри закольцовывает сюжет обретенного / потерянного рая. Слово «нехорошо», которое употребляет Валя, можно было бы истолковать как отсылку к библейскому: «откроются глаза ваши, и вы будете, как боги, знающие добро и зло» (Быт. 3: 5). Однако Карик по-прежнему не понимает, «что значит нехорошо?» А Валя в качестве критерия разграничения добра и зла выбирает не этический, а эстетический принцип. Герои по-прежнему «по ту сторону добра и зла».

Перед тем, как пуститься на поиски Карика и Вали, профессор Енотов устанавливает маяк, который должен послужить ориентиром на обратном пути из микромира, – шест с повязанным на верхушке красным платком [3, № 4, С. 67].

В тексте журнала «Костер» вешка, указывающая на ящик с увеличительным порошком, свою функцию выполнит на все сто процентов. Перед героями, добравшимися до заветной коробки, открывается величественная картина: «...точно толстая фабричная труба, высился маяк Ивана Гермогеновича. Красный флаг на верхушке маяка терялся где-то чуть ли не под облаками» [3, № 11, С. 90].

В книжном издании профессор и его спутники рискуют навсегда заблудиться в травяных зарослях, поскольку никакого путеводного маяка больше нет:

«Профессор стоял на пуговице, внимательно разглядывал окрестности пиджака. Он искал шест с красным платком. Но шеста нигде не было. <...>

– Упал! Упал разбойник! И не более как десять минут назад.

– Кто упал? – разом спросили ребята.

– Наш маяк!.. Но это не беда. Мы уже на месте» [4, С. 257].

Путь героям книги указывал уже не реющий где-то под облаками флаг, как две капли воды похожий на знамя страны победившего социализма, а всего лишь шест с красным платком. Столь прозаический предмет сыграть роль спасительного маяка, конечно, не в состоянии.

Список литературы

1. Достоевский Ф.М. Записки из подполья / Ф.М. Достоевский. – Л.: Наука, 1989. – С. 452-550.

2. Ларри Я.Л. Страна счастливых / Я.Л. Ларри. – Л., Ленинградское областное издательство, 1931. URL: <http://larri.lit-info.ru/larri/proza/strana-schastlivyh.htm>
3. Ларри Я.Л. Необыкновенные приключения Карика и Вали / Я.Л. Ларри. - Костер. – 1937.
4. Ларри Я.Л. Необыкновенные приключения Карика и Вали / Я.Л. Ларри – Куйбышевское книжное издательство, 1958. – 276 с.
5. Ларри Я.Л. Небесный гость / Я.Л. Ларри. – СПб.: Север-Запад, 1993. URL: <http://larri.lit-info.ru/larri/proza/nebesnyj-gost/nebesnyj-gost.htm>
6. Чернышевский Н.Г. Что делать? / Н.Г. Чернышевский. – М.: Правда, 1974. – 464 с.
7. Белинков А. Сдача и гибель советского интеллигента / А. Белинков. – М.: РИК Культура, 1997. – 539 с.
8. Вышеславцев Б.П. Кризис индустриальной культуры. Марксизм. Неосоциализм. Неолиберализм / Б.П. Вышеславцев. – New York: Chalidze Publications, 1982. – 353 с.
9. Петровский Н.А. Словарь русских личных имен / Н.А. Петровский. – М.: Сов. Энциклопедия, 1966. – 384 с.
10. Фрейденберг О.М. Поэтика сюжета и жанра / О.М. Фрейденберг. – М.: Лабиринт, 1997. – 445 с.
11. Хеллман Б. Сказка и быль: История русской детской литературы. Авториз. пер. с англ. О. Бухиной / Б. Хеллман. – М.: Новое литературное обозрение, 2016. – 560 с.

References

1. Dostaeviskii F.M. (1989). Zapiski iz podpol'ya [Notes from the underground]. L.: Nauka [in Russian].
2. Larri Ya.L. (1931). Strana schastlivyh [The land of the Happy]. L.: Leningradskoe oblastnoe izdatel'stvo [in Russian]. URL: <http://larri.lit-info.ru/larri/proza/strana-schastlivyh.htm>.
3. Larri Ya.L. (1937). Neobyknovennye priklucheniya Karika I Vali [The extraordinary adventures of Karik and Vali]. Koster [in Russian].
4. Larri Ya.L. (1958). Neobyknovennye priklucheniya Karika I Vali [The extraordinary adventures of Karik and Vali]. Kuibyshevskoe knizhnoe izdatel'stvo [in Russian].
5. Larri Ya.L. (1993). Nebesnyi gost' [Heavenly guest]. SPb.: Sever-Zapad [in Russian]. URL: <http://larri.lit-info.ru/larri/proza/nebesnyj-gost/nebesnyj-gost.htm>
6. Chernyshevskii N.G. (1974). Chto delat'?? [What to do?]. M.: Pravda [in Russian].
7. Belinkov A. (1997). Sdacha i gibel' sovetskogo intellekta [Surrender and death of the Soviet intellectual]. M.: RIK Kultura [in Russian].

8. Vysheslavtcev B.P. (1982). Krizis industrial'noi kul'tury. Marksizm. Neosotsializm. Neoliberalism [The crisis of industrial culture. Marxism. Neosocialism. Neoliberalism]. New York: Chalidze Publications.
9. Petrovskii N.A. (1966). Slovar' russkikh lichnyh imen [Dictionary of Russian personal Names]. M.: Sov.Entsiklopediya [in Russian].
10. Freidenberg O.M. (1997). Poetika sujeta i janra [Poetics of plot and genre]. M.: Labirint [in Russian].
11. Hellman B. (2016). Skazka i byl': Istoriya russkoi detskoj literatury [Fairy Tale and Byl: The History of Russian Children's Literature]. M.: Novoe literaturnoe obozrenie [in Russian].

ЯН ЛАРРИДІН «КАРИК ПЕН ВАЛЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ОҚИҒАЛАРЫ» ПОВЕСІНДЕГІ «ЖОҒАЛҒАН ЖҰМАҚ» МИФОЛОГЕМАСЫ

А.И. КУЛЯПИН

Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, Барнаул қ., Алтай өлкесі, Ресей
e-mail: iskander58@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада 1937 жылы жазылған Ян Ларридің "Карик пен Валяның ерекше оқиғалары" ертегі повестіне талдау жасалады. "Карик пен Валяның ерекше оқиғалары" повестінде жайлы үй кеңістігі де, тамылжып тұрған табиғат патшалығы аясы да бір қарағанда көз алдыңызға Эдемді елестетеді.(((Алайда, зерделеп қарайтын болсақ бұл екі мекен де тамұқ тәрізді көрінеді. Бір координаттар жүйесінде Карик пен Валяның үйден аластатылуы жұмақтан қуылу туралы библиялық астарлы әңгімеге, ал екіншісінде жоғалған жұмақты іздеушіге сәйкес келеді. Қазіргі оқырман үшін бұл көркем образ жүз жыл бұрынғыдай қызықты болады, өйткені қазіргі уақытта экология мәселелері өте өзекті болып табылады. Жазушы жәндіктер әлемін, барлық дерлік энтомологияны көрсете отырып, профессордың түсіндірмелерін шатастырмай, Карик пен Валя балаларының қиял ғажайып шытырман оқиғаларын қызықты сипаттайды. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың осы әңгімені оқуы қиялдарының қалыптасуына, сонымен қатар мәтінді және онда сипатталған жағдайларды талдай білуге айрықша ықпал етеді, сонымен қатар клиптік ойлаумен күресуге көмектеседі. Кейіпкерлерге жаны ашыған мектеп оқушылары қиын жағдайға тап болған адамдарға жанашырлық сезімдерін танытады.

Түйін сөздер: утопия, дистопия, поэтика, сюжет, сарын, белгі, аңыз.

THE MYTHOLOGEME «PARADISE LOST» IN THE NOVEL «THE EXTRAORDINARY ADVENTURES OF KARIK AND VALIYA» BY YAN LARRY

A.I. KULYAPIN

Altai State Pedagogical University, Barnaul, Altai, Russia

e-mail: iskander58@mail.ru

Abstract: This article analyzes the fabulous story of Ian Larry "The Extraordinary Adventures of Karik and Vali" written in 1937. In the story "The Extraordinary Adventures of Karik and Vali", both a cozy home space and a harmonious kingdom of nature can easily be considered an Eden, but only when viewed from a distance. However, up close, these worlds are more like the underworld. In one coordinate system, the absence of Karik and Vali from home is organically correlated with the plot of the biblical parable of the exile from paradise, in another-with the search for the lost paradise. To the modern reader, this artistic image will be as interesting as it was almost a hundred years ago, since at the moment environmental issues are very relevant. And showing the world of insects, almost all entomology without cluttering the presentation with the professor's explanations, the writer fascinatingly describes the fantastic adventures of the children Karik and Vali. Reading this story for children of primary school age contributes to the formation of imagination, the ability to analyze the text and the situations described in it, and also helps to fight clip thinking. Empathizing with the heroes, students sympathize with people who are in a difficult situation..

Key words: utopia, dystopia, poetics, plot, motive, symbol, myth.

GTAMP:16.31.51

ОДАҒАЙ ЖӘНЕ ОҚШАУ СӨЗДЕР

С.С. Мұхтаров^[0000-0001-5692-856X]

Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан

e-mail: fakultet_prof_tvor@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіл біліміндегі ең өзекті, түйіні көп проблемалардың бірі болып табылатын сөз таптастыру мәселесі сөз болады. Сөз таптастыру ілімінің тарихына қысқаша шолу жасалып, бүгінгі күнге дейін басы ашылмай келе жатқан жайт – морфологияның объектісі болып табылатын сөз табы – одағайды синтаксистің объектісі оқшау сөздер аясында қарап, одағай атауымен оқшау сөздердің бір ретінде танып-білудің қайшылық-қателігі сөз таптастыру ілімінің бүгінгі жетістігі тұрғысынан барынша негізделіп, дәлелденген. Қазақ тіл білімінде сөз таптарын зерттеген тілші ғалымдардың сөз таптастыру теориясы бойынша одағайды жеке сөз табы ретінде дәлелдеп шығарғанына қарамастан синтаксистік негізгі оқулықтарда да, жеке еңбектерде де одағай синтаксистік категория ретінде оқшау сөздердің бір түрі болып беріліп келеді және бұл тұжырым күні бүгінге дейін жалғасуда. Бұл, ең алдымен, тіл білімінің морфология және синтаксис салаларының ара жігін ажырата алмауға, мәселені анықтау емес, қайта қиындатуға әкеледі және зерттеуде де, оқыту процесінде де екіұштылыққа соқтырып, нәтижені жоққа шығарады. Автор осы қайшылықты жан-жақты ашып көрсетіп, шешімін негіздеп берген. Мақаланың ең маңызы – осы жаңалығында.

Түйін сөздер: Одағай, оқшау сөздер, сөз таптары, морфология, синтаксис, семантика

Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру мәселесі өзінің бастауын Н.И.Ильминскийдің 1960 жылы жарық көрген «Материалы к изучению киргизского (казахского – С.М.) наречия» атты еңбегінен бастау алады. Жалпы, XIX ғасырдың II жартысы қазақ тіл білімі тарихындағы ерекше кезең болып саналады. Бұл кезеңде қазақ тілі орыс түркологтары тарапынан жүйелі түрде зерттеліп, өз дәуіріне сай алғашқы ғылыми пікір, тұжырымдар айналымға түсті. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы белгілі дәрежеде қарастырылған бұл еңбектер М.Терентьев, Р.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский [1-3] секілді т.б. түркітанушылар қаламынан туды. Бұл ғалымдар еңбектерінде қазақ тілі сөздері сол кезде жалпы түркологияда қалыптасқан жағдайға сай негізінен семантикалық принцип тұрғысынан таптастырылып, кей сөз табына қатысты ғана синтаксистік принцип қосымша қолданылды. Бұл еңбектерде синтаксистік белгі зат есім мен сын есімнің, сын есім мен үстеудің ара- қатынасына қатысты ғана ескерілді. Бұл түркологтар қазақ тілі сөздерінің негізінен зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, жалғаулық, септеулік, үстеу, одағай деп тоғыз сөз табына ажыратты. П.М. Мелиоранский ғана зат есім мен сын есімді бір сөз табы ретінде есім деп атап, сегіз сөз табын көрсетеді.

Қазақ тілі сөздерін түрлі тапқа бөлген бұл орыс түркологтары еңбектеріне ортақ жайт – сөз таптарын, олардың санын ғана атау қысқаша жасалу жолдары, түрленуі, бірқатар

мағыналық топ, категорияларын көрсете отырып, сөз таптарына анықтама бермеу, тіл білімі салаларының ара-жігі айқын ажыратылмағандығы, бәрінің орыс тілінде, орыс тіл білімі үлгісінде, орыс тілімен салыстыра жазылғандығы болды. Дегенмен бұл зерттеулердің өз кезеңі үшін айтарлықтай жетістік екендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақ тіл білімінде сөз таптастыру теориясының дамуы барысында орыс туркологтары зерттеулерінен басталған бұл семантикалық бағыт XX ғасырдаң басында А.Байтұрсынов еңбегінде қазақ тілінде жалғасын тапты. Сол тұста қазақ халқының саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене арналасқан А.Байтұрсыновтың тіл біліміндегі еңбегі де айрықша болды. Ғалым қазақ тілі сөздерін мағыналық белгісіне қарай зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай деп тоғыз топқа бөледі [2, 189 б.]. Қазақ тіл білімінің кейінгі дамуы барысында А. Байтұрсыновтың сөз таптарын жүйелеуі, негізінен, терминдерімен қоса көп өзгеріссіз сақталып қалды. Бұның өзі сөз таптастыруда ғалым басшылыққа алған семантикалы принципті түркі тілдері, қазақ тілі үшін қаншалықты маңызды екендігімен қатар А. Байтұрсыновтың тілші ғалым ретіндегі қайталанбас талантының дәлелі болды.

XX ғасырдың 30-жылдары Қ.Жұбанов бастаған жаңа лектің қазақ тіл біліміне келуі сөз таптастыру мәселесінің теориялық мазмұнын толықтырып, жаңа сатыға көтерді. Бұл тұста алғашқы арнаулы мақалалар жариялана бастады. Қазақ тілі сөздерін түрлі топқа жіктеуде сөздердің мағыналық жағымен қатар құрылымдық (формалық, сөйлемдегі қызметі) жағы да ескеріліп, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптер орныға бастады. Қазақ тіл біліміндегі бұл жаңа бағыттың негізін қалаушы Қ.Жұбанов сөз таптастырудың аталған үш принципін енгізуімен қатар, сөздердің семантикалық жағынан бір деңгейде орналаспайтындығы туралы терең теориялық қағиданы да тұңғыш айтқан ғалым болды [3, 231 б.]. С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Т.Сауранбаевтар [4-6] да сол кездегі еңбектерінде қазақ тілі сөздердің таптастыруда сөздердің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгісіне сүйенді. Бұл ғалымдардың бәрі сөз таптастыру принциптері жөнінде бір ауыздан семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілерді атай отырып, тек қай принцип жетекші, қай принцип қосымша деген мәселеде ғана аздаған пікір ауытқулар білдірді. Осылайша, 30 жылдары қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ісінде семантика-құрылымдық бағыт пайда болды.

Қазақ тіл білімінде 1940 жылдары басталған бір сөз табын жеке зерттеу нысанына айналдыру ісі де сөз табын жеке зерттеу нысанына айналдыру ісі де сөз таптастыру проблемасын шешу мәселесіне оң ықпалын тигізді. А.Ысқақовтың үстеуді, Ш.Ш.Сарыбаевтың одағайды, Р.Әміровтың жалғаулық, Ф.Кенжебаеваның септеулік және демеулік шылауларды, Ж.Шәкеновтың сын есімді, Ә.Хасеновтың сан есімді, А.Ибатовтың

есімдік. Б.Ш.Кәтембаеваның еліктеуіш сөздерді сөз табы ретінде зерттеген еңбектерімен қатар [5-7], әр сөз табының түрлі категориясын жеке зерттеу өзегі еткен ғылыми еңбектерде әрбір сөз табының семантикалық-құрылымдық табиғатын тереңірек тануға, сол арқылы олардың ара-жігін ажыратуға айқындық бере түсті.

1950 жылдар қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының дами түскен кезі болды. Сол кездерде жарық көрген арнаулы мақалалар, ұйымдастырылған пікірталас сөз таптастыру проблемасының сол тұста күн тәртібіне өткір қойылғандығын байқатады. Бұл ғалым да семантика-құрылымдық бағытты жалғастыра отырып, қазақ тіл біліміне 30 жылдары енген сөз таптастыру принциптерінің дами түсуіне ішінара үлес қосты. Автор морфологиялық межелеуіште негіздеу барысында жеке сөз табының морфологиялық белгісі ретінде сөз тудырушы жұрнақтардың да орнын белгіледі. А.Ысқақов сонымен қатар сөз таптастырудың синтаксистік межелеуішті негіздеуде белгілі сөз табының сөйлемдегі негізгі қызметін ашып көрсетті. Ғалым кезіндегі Жұбановтың идеясын жалғастыра отырып, сөздердің динамикалық сипатын ескеруді, оларды сөз таптастыра ажыратуда жүріп жатқан саралану үдерісін ескеруді ұсынды. Автордың алғаш рет еліктеуіш сөздерді одағай құрамынын ажыратып, жеке сөз табы ретінде негіздеуі де жаңалық болды.

А.Ысқақов сөз таптастыру теориясына қатысты жоғарыда айтылған ой-пікір, тұжырымдарын көп жылдар бойы түрлі еңбектерінде кеңейте түсіп, жариялап отыруы арқылы қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ісін әрдайым назарда ұстап, оның бағыт-бағдарын белгілеп те отырды.

XX ғасырдың 1980-1990 жылдарында қазақ тіл біліміндегі сөздерді сөз табына жіктеу ілімін ғалым С.Исаев ілгерітті, бірқатар нақтылық енгізді, сөз таптастыру ілімінің ең негізгі ұғымдары грамматикалы мағына, грамматикалы форма, грамматикалық категория терминдерінің мәнін, бұл ұғымдардың табиғатын барынша ашты. Ғалым, мысалы, қазақ тілінің лексикалы қабаты мен грамматикалы қабаты деңгейіндегі құбылыстардың ара жігін ажыратып, орындарына қойды. С.Исаев бұл жіктеудің сөздердің таза лексикалық сипатына қарай ажырату екенін айтып, тілдің лексикалық сипатының сөз таптастыруға тікелей ешқандай қатысы жоқ екенін дәлелдеді. Ғалымның айтуынша, қазақ тілі сөздерін осылайша үш топқа бөлуде сөздердің морфологиялық белгілерінің еш қатыссыз, себебі атаулы сөздердің өзінің ішінде түрленетіндері де, түрленбейтіндері де бар, көмекші сөздер де дәл осындай сипатқа ие. Осыған байланысты сөздерді атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай деп бөлуге сөздердің морфологиялық болмысы ешқандай негіз бола алмайды. Автор осылайша сөздердің лексикалық сипаты мен грамматикалық сипатын сөздерді жоғарыдағыдай атауыш, көмекші, одағай деп ажыратуды тілдің лексикалық қабатына қатысты деп анықтайды. Зат есімнің

құрамында сөз табы ретінде көмекші есімдердің болуы, көмекші етістіктердің сөз табы ретінде етістік деп танылуы С.Исаевтың бұл тұжырымын толық дәлелдейді:

С.Исаев сөздерді сөз таптарына отыруда өте қажетті ұғым-грамматикалық мағынаны барынша нақтылап, анықтап берді, оны (грамматикалық мағынаны) түрлі сипаты ерекшелігіне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына деп бөледі және сөз тобын ажыратудың үш межелеуіші негізінде осы үш грамматикалық мағына (семантикалық межелеуіші негізінде жалпы грамматикалық мағына, морфологиялық межелеуіш негізінде бар екенін дәлелдеді).

Тілдегі сөздерді сөз таптарына жіктеу күні бүгінге дейін лингвистикада үзілді-кесілді шешімін таппаған мәселелер қатарына жатады, оның "мәңгілік проблема" аталуы да тегіннен тегін емес. Сөз таптастырудың бұлайша түбегейлі шешімін таба алмау себебі, біріншіден, тіл-тілдегі сөздердің семантикалық-құрылымдық сипатының өте күрделі әрі әркелкі болуында жатыр. Мысалы, қазақ тіліндегі **алақай**, **қуаныш** сөздерін алып қаралық. **Алақай** сөзі сөйлеу процесінде адам эмоциясының бір түрін білдірсе, **қуаныш** сөзі сол эмоцияның атауы болып табылады. Осындай белгілі дәрежедегі семантикалық ортақтастықтарына қарамастан, екеуін екі сөз табына (*алақай* - одағай, *қуаныш* - зат есім) жатқызамыз. Сол сияқты, зат есімге жататын толық лексикалық мағыналы сөздер мен шылауларды да семантикалық жағынан бір қатарда қарап, бір өлшем тұрғысына сыйдыру оңай бола бермейді, сондықтан баяндалып отырған жайт сөз таптастыру мәселесінде өз қиыншылығын туғызады.

Сөз таптастырудағы, жеке сөз таптарын тани түсудегі қиыншылық, жоғарыда айтылғандай, сол сөз таптарының өз табиғатынан туындайтын болса, бірқатар қиыншылықтар оқулықтар мен жеке зерттеулердегі сөз таптастыру туралы, жеке сөз таптары туралы кейбір пікір қайшылықтарына байланысты болып отыр. Соның бірі одағай сөздерге байланысты.

А.Байтұрсыновтың басқа сөз таптарына ат бергенде ғалымның олардың семантикалық белгісіне баса назар аударғаны байқалса (мысалы, зат есім, сан есім, сын есім, шылау, т.б.), **одағай** терминінің осы сөз табының семантикалық сипатынан гөрі синтаксистік сипатын көбірек ашатындығы көрінеді. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде одағай сөзі туралы төмендегіше мәлімет беріледі: **Одағай, сын. Ебедейсіз, қолапайсыз.** Қайлаға дағдыланған жуан саусақтары жіңішке қарындашты қосымғандай **одағай** ұстап ауыр қозғалады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Әйелінің мінезі неткен **одағай** (А.Жағанова, Еркежан). А.Байтұрсынов та одағай сөздердің сойлемнің грамматикалық құрылысына кірікпей, жымдаса алмай оқшау тұратын ерекшелігіне байланысты сол терминді таңдаған болса керек. "Одағай дейміз - одағайланып, оңашаланып айтылатын сөздерді - дейді ғалым [2, 261 б.]. Қазақ тілі білімінің кейінгі дамуында одағайды көбінесе осылайша синтаксистік қыры арқылы тану басым бағыт алып, орнықты. Одағайды зерттеу нысаны еткен белгілі ғалым

Ш.Ш.Сарыбаевтың да **ассалаумағалейкум, құп, ләббай, хош** т.б. сөздерді одағай қатарына жатқызуы да дәл осы тұжырым тұрғысынан келгендігін көрсетеді [10, 455 б.].

Әдебиеттерде одағай сөздер негізінен адамның көңіл-күйімен байланысты сөздер екендігі айтыла отырып, іштей мағыналық топтарға ажыратылады. Мысалы, А.Ысқақов "көңіл-күй одағайлары және ишарат одағайлары" [9, 181 б.], Ш.Ш.Сарыбаев "көңіл-күй одағайлары, императивтік одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары" [10, 454 б.], Ә.Төлеуов "көңіл-күй одағайлары, императивтік одағай, малға бағышталып айтылатын одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары" деп бөледі [13, 117 б.].

Одағай сөздерді негізінен осылайша синтаксистік белгісі арқылы танудың бір әсері оқшау сөз категориясын айқындау мәселесіне де тиіп отыр. Әдебиеттерде оқшау сөз түрлері төмендегіше анықталады:

1. Қаратпа сөз
2. Қыстырма сөз
3. Одағай [14, 213 б.]

Біздіңше, морфологиялық категория - сөз табы болып табылатын одағайды сол атауымен апарып, синтаксистік категория болып табылатын оқшау сөздің бірі ретінде қаратпа, қыстырма сөздермен бір қатарда қарауға болмайды, бұл морфология мен синтаксис шекарасын ажыратуда қолдан жасалған қиындық болып табылып, осы мәселеде екіұштылық тудырады. Сондықтан, біздің ойымызша, одағайды оқшау сөздің үшінші бір түрі ретінде тануды тоқтатып, оқшау сөзді екіге ғана ажырату (қаратпа және қыстырма) дұрыс болмақ. Бұған толық негіз бар: біріншіден, осы мәселедегі жоғарыда айтылған морфология мен синтаксис аражігіне қатысты екіұштылық жойылады, екіншіден, одағай сөздер табиғатын тани түсуге қосымша мүмкіншілік ашылады. Сонда одағайды морфологиялық категория - сөз табы ретінде тани отырып, соның синтаксистік қабілетін айқындай түсеміз, яғни сөз табы - одағай сөйлемде модаль сөздер секілді қыстырма сөз ретінде де (көңіл-күй, императивтік, тұрмыс салт одағайлары), қаратпа сөз ретінде де (жан-жануарларға бағышталып айтылатын одағайлар) жұмсалына алатындығы анықталады. Ал, **одағай** термині өзінің сөз табы атауы ретінде қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская / М.Терентьев. - СПб.: Тип.имп.АН, 1875. – С. 217-219.
2. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка / П.М. Мелиоранский. - СПб.:Тип.исп.АН., 1875.- 72 с.

3. Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка / В.В.Катаринский. – Оренбург: Тип.к.Бреслина, 1987.-196 с.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / А.Байтұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 57 с.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ.Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 1999. –82 б.
6. Жиёмбаев С. Грамматикалық категориялар туралы / С. Жиёмбаев // Халық мұғалімі. - 1936. - №5 (7). – Б. 36-41.
7. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы / С.Аманжолов. – Алматы: Санат, 1994. -320 б.
8. Сауранбаев Т. Қазақ тіліндегі сөз таптары және олардың таптастырылуы туралы / Т.Сауранбаев // Халық мұғалімі. - 1939. - №2(8). – Б. 67-77.
9. Исаков А. Наречие в современном казахском языке / А.Исаков. - А-Ата: Дисс.на соис.канд.фил.наук., 1953. – 97 с.
10. Сарыбаев Ш.Ш. Междометие в казахском языке / Ш.Ш.Сарыбаев. - А-Ата: Дисс. на соис.канд.фил.наук., 1953. – 86 с.
11. Сарыбаев Ш.Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер / Ш.Ш.Сарыбаев. – Алматы: Ғылым, 1960. – 158 б.
12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі / А.Ысқақов.-. Алматы: Мектеп, 1991. – 384 б.
13. Төлеуов Ә. Сөз таптары / Ә.Төлеуов. – Алматы: Мектеп, 1982. – 106 б.
14. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 бөлім. - Алматы: Ғылым, 1967. – 95 б.
15. Қазақ тілінің грамматикасы. 2 бөлім. - Алматы: Ғылым, 1967. – 72 б.

References

1. Terentyev M. (1875). Grammatika turetskaya, persidskaya, kirgizskaya i uzbekskaya [Turkish, Persian, Kyrgyz and Uzbek grammar]. SPb.: Tip imp. AN, 217-219 [in Russian].
2. Melioransky P.M. (1875). Kratkaya grammatika kazak-kirgizskogo yazika [Brief grammar of the Kazakh-Kyrgyz language]. SPb.:Tip.isp.AN [in Russian].
3. Katarinsky V.V. (1987). Grammatika kirgizskogo yazika [Grammar of the Kyrgyz language]. Orenburg: Tip.k. Breslina [in Russian].
4. Baitursynov A. (1992). Til tagylymy [Language lessons]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
5. Zhubanov K. (1999). Qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
6. Zhiembaev S. (1936). Grammatikalyk kategoriyalar turaly [About grammatical categories] Halyk mugalimi, №5, 36-41 [in Kazakh].

7. Amanzholov S. (1994). Qazaq adebi tili sintaksisinin kyskasha kursy [A short course on the syntax of the Kazakh literary language]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
8. Sauranbaev T. (1939). Qazaq tilindegi soz taptary jane olardyn taptastyrylyuy turaly [On word classes in the Kazakh language and their classification] Haluk mugalimi, №2 (8), 67-77 [in Kazakh].
9. Iskakov A. (1953). Narechie v sovremennom kazahskom yazyke [Dialect in the modern Kazakh language]. A-Ata: Diss.na sois.kand.fil.nauk [in Kazakh].
10. Sarybaev Sh.Sh. (1953). Mejdometie v kazahskom yazyke [Intersection in the Kazakh language]. A-Ata: Diss.na sois.kand.fil.nauk [in Kazakh].
11. Sarybaev Sh.Sh. (1960). Qazaq tilindegi elikteuish sozder [Imitative words in the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
12. Iskakov A. (1991). Kazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
13. Toleuov A. (1982). Soz taptary [Word classes]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
14. Qazaq tilinin grammatikasy [Grammar of the Kazakh language]. (1967). 1 Bolim -Part 1, Almaty: Gylym [in Kazakh].
15. Qazaq tilinin grammatikasy [Grammar of the Kazakh language]. (1967). 2 Bolim -Part 2, Almaty: Gylym [in Kazakh].

МЕЖДОМЕТИЕ И ОБОСЛОВЛЕННЫЕ СЛОВА

С.С. Мухтаров

Актыбинский региональный университет им.К. Жубанова, Актобе, Казахстан

e-mail: fakultet_prof_tvor@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается проблема классификации частей речи, которая является одной из наиболее актуальных и запутанных проблем казахского языкознания. Автор проведя краткий обзор истории классификации частей речи, с позиции нынешних достижений классификации частей речи всесторонне обосновывает и всячески доказывает всю противоречивость рассматривания части речи – междометий, являющейся по сути объектом морфологии, в рамках одного из видов обособленных слов, которые являются объектом изучения синтаксиса. Проблема, рассматриваемая в статье является проблемой, нуждающейся в доказательстве и введения в научный оборот. Несмотря на то, что по теории классификации частей речи, выдвинутые учеными-лингвистами, изучавшие части речи, доказано, что междометия – отдельная часть речи, в основных синтаксических учебниках, так и в отдельных работах междометие, как синтаксическая категория представляется своеобразным обособленным словом, и эта концепция продолжается и по сей день. Это приводит,

прежде всего, к неумению разграничивать области морфологии и синтаксиса, не к выявлению проблемы, а наоборот к ее усложнению, к неоднозначности как в исследовании, так и в процессе обучения, сводит все результаты исследований на нет. В статье все указанные противоречия всесторонне раскрываются, решения проблемы всячески обосновываются. Важность статьи отражается в ее новизне.

Ключевые слова: междометие, обособленные слова, части речи, морфология, синтаксис, семантика.

INTERJECTION AND SPOKEN WORDS

S.S. Muhtarov

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: fakultet_prof_tvor@mail.ru

Abstract: The article deals with the problem of speech parts' classification, which is one of the most urgent problems of Kazakh linguistics. After a brief review of the history of classification of speech parts, the author comprehensively justifies and proves in every possible way the inconsistency of considering a part of speech – interjections, which is essentially the object of morphology, within one of the types of verbalized words that are the object of syntax study. The problem considered in the article is a problem that needs to be proved and introduced into scientific circulation. Despite the fact that according to the theory of classification of speech parts, put forward by linguists who studied parts of speech, it is proved that interjections are a separate part of speech, in the main syntactic textbooks, and in individual works, interjection, as a syntactic category, is a kind of separate word. This leads, first of all, to the inability to distinguish between the areas of morphology and syntax, not to identify the problem, but rather to its complication, to ambiguity both in research and in the learning process. All these contradictions are resolved in the article.

Key words: interjection, verbalized words, parts of speech, morphology, syntax, semantics

ҒТАМР 19.41.09

Қ.Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ ЖИНАҚҚА ЕНБЕГЕН МАҚАЛАЛАРЫ

Н.А. САДУАҚАС^[0000-0003-3961-3683]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: sadu_ngd@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада еліміздің алғашқы газет-журналдары туралы айтылып, осы басылымдарда жарияланған профессор Қ.Жұбановтың мақалаларына талдау жасалған. Осы жарияланған еңбектердің мазмұны, ондағы көтерілген өзекті мәселелер, ғалымның өзіндік ойлары мен өзекті мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстары, халықтың тұрмысының суреттелуі, әртүрлі қызмет салаларындағы адамдардың жұмысындағы қиындықтар туралы деректер келтірілген. Мақалада қозғалған тақырыптар елдің өткен тарихымен байланысты болғандықтан, ғалымның шығармашылық еңбегін де танытатындықтан және қазақ публицистикасы саласындағы еңбектер қатарын толықтыра түсетіндіктен бұл басылымдарды жинақтаудың да маңыздылығы айтылған. Еліміздің алғашқы газеттері араб әріптерімен жарияланғандықтан аталған мақалалардың мәтінін қазіргі әліпбиге көшіріп, қайта жариялау бүгінгі жұбановтанудың маңызды істерінің бірі болуы тиіс деп көрсетілген. Сонымен бірге, мақалада Қ.Жұбановтың газет беттерінде жарияланған осы мақалаларының көпшілігі оның баспадан шығарылған қазіргі шығармаларының толық жинағына осы кезге дейін еніп болмағаны туралы айтылған. Сондықтан мақала соңына ғалымның еңбектері жарияланған басылымдар туралы деректер берілген. Ғалымның еңбектері осы кезге дейін толықтырылып, алты рет басылып шықты. Соған қарамастан бұрын табылған мақалаларының өзі де толық жинақталмай отырғанын, сондықтан архивте сақталған деректерді іздестіру және табылған мақалаларды зерттеу жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізу қажеттігі айтылған.

Кілт сөздер: Мақала, газет, оқу-білім, мектеп, мәдениет, халық, еңбек.

Кіріспе. Профессор Қ.Жұбанов сол өзі өмір сүріп, еңбек еткен кезеңіндегі елдегі қоғамдық-саяси ахуал, елдің тұрмыс-тіршілігі, сауат ашу, мәдени өмірге бет бұру, оқу-ағарту, еңбек ету, ғылымды дамыту сияқты, т.б. өзекті мәселелерді қаламының қарымымен баспасөз беттерінде көтеріп, өзінің де азаматтық келбетін танытып кеткен еді. Ғалымның қаламынан туған мақалаларына зер салсақ, оның еңбектері сол кезеңнің шындық шежіресі, өмірлік айнасы іспетті болып, халықтың сана-сезімін оятып, жаңа өмірге белсене араласуына бағыт-бағдар беруді көздегендігін аңғарамыз. Аз ғұмырын халқының болашағына арнаған Қ.Жұбанов өзін толғандырған ойларын баспасөзде, яғни «Алаш», «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Қазақ», «Кедей» сияқты т.б. жалпақ жұртқа танымал газеттерде, «Әдебиет майданы», «Ауыл мұғалімі», «Қазақ тілі және әдебиеті», т.б. журналдарында жарияланған еңбектерінде елдің игілігі үшін қажетті өзекті мәселелерді өткір жазып, өзінің публицистикалық қалам қайратын шыңдаған еді.

Негізгі бөлім. Қ.Жұбановтың баспасөз беттеріндегі халық қамын өзек етіп, елдің болашағына алаңдаған терең ойлы мақалаларын түгелдеп, жүйелеп, оны бүгінгі

оқырмандарына да ұсынудың маңызы зор деп есептейміз. Өкінішке орай, ғалымның баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларының барлығы да жинақталып болған жоқ: бірсыпыра мақалалары осы кезге дейін табылмаса, енді бірі қай жерде басылғаны белгілі болса да, ғалымның толық шығармалар жинағына әлі енгізілмесе, сонымен бірге бізге белгісіз мақалалары да табылып қалар деген үміт те бар. Осы орайда, алғашқы кезекте Қ.Жұбановтың публицистикалық шығармаларын зерттеген ғалым Ә.Оралбайдың «Құдайберген Жұбанов - публицист» деген зерттеу еңбегі ойға оралады [1]. Ол осы аталған зерттеуінде Қ.Жұбановтың публицистикалық шығармаларын талдай келіп, «Кедей» газетіндегі мақалаларында автордың сөздің өзіндік қадір-қасиетін терең түсінетіндігін, онда айтылған ойдың айқындығын, сильдік айшықтылығын, зәру жағдайларды қозғай білуін, өзекті мәселені шебер жеткізе білу машығы арқылы жазған тақырыптың әлеуметтік әсерін барынша таныта түсетінін атап көрсетеді [1, 32 б.].

Зерттеу әдістемесі. Профессор Құдайберген Жұбановтың зерттеу еңбектері жинағы осы кезге дейін бірнеше рет баспа жүзін көріп, шығармаларының толық жинағы соңғы рет 2019 жылы жарияланды [2]. Солай бола тұра, Құдайберген Жұбановтың шығармаларының толық жинағына ғалым Ә.Оралбайдың зерттеулерінде қарастырылған 19 мақала, жас ғалым Е.Маралбек сирек қорлар тізіміндегі «Еңбекші қазақ» газетінен тапқан 2 мақаласы, барлығы осы 21 мақала әлі күнге еңбегенін айтпақпыз. Сол себепті осы мәселені түбегейлі қарастырып, зерттеу қажет деп есептейміз.

Талқылау. Ғалым еңбектерін жинақтау мәселесіне ерекше үлес қосушылардың бірі «Еңбекші қазақ» газетін тексерген зерттеуші Е.Маралбек: «Өткен жылы аталған газеттің еліміздегі сирек қорларда бар номерлерін мұқият зерделеп шығуымыздың нәтижесінде 1925-1929 жылдар аралығын қамтитын «Жұбанов Құдайберген» есімімен берілген 7 мақала табылған болатын», - деп жазды [3, 97 б.]. Осыған байланысты ғалым Е.Маралбектің жұбановтануға қосқан еңбегінің маңыздылығын, оның көрсетуіндегі Қ.Жұбановтың «Төтерек жол керек», «Қара қызметтің түрін айыру керек» деген екі мақаласы бұрын белгісіз болғанын, ал қалған бес мақала ғалым Ә.Оралбайдың еңбегінде аттары аталып, ғылыми тұрғыда талданғанын айта кетпекпіз. Сондықтан профессор Құдайберген Жұбановтың әлі белгісіз еңбектерін іздеу, жинаққа еңбеген мақалаларын қайта жариялау, шығармаларының толық жинағына енгізу, сияқты т.б. зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таба бермекші. Жоғарыда аталған 21 мақаланы газеттерге бөліп көрсетсек, «Кедей» газетіндегі 5 мақала, «Қазақ» газетіндегі 2 мақала, «Алаш» газетіндегі 1 мақала, «Еңбекші қазақ» газетіндегі 13 мақаланы баспагерлер алдағы уақытта құрастырылатын Құдайберген Жұбановтың шығармаларының толық жинағына енгізуі тиіс. Біз осы мақаламызда ғалым шығармаларының толық жинағына еңбеген, бірақ ғалым Ә.Оралбайдың зерттеулерінде және жас ғалым

Е.Маралбектің мақаласында қарастырылған Қ.Жұбановтың газет беттерінде 1916-1928 жылдары жарияланған мақалаларын көрсетіп, олардың мазмұнына қысқаша сипаттама бере кетуді жөн санадық.

Нәтижелер. Қ.Жұбанов еңбек ете бастаған кезеңде, яғни өткен ғасырдың басындағы төңкеріс нәтижесінде билікке ие болған Кеңес үкіметі ел өміріндегі бұрынғы тіршілік мазмұнын да өзгертіп, ескі салт-ескі көзқарас деген желеумен қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріне де өзгеріс енгізгені белгілі жай. Сондай өзгерістердің бірі қазақтың қыз ұзату, келін түсіру, қалың мал беру сияқты салт-дәстүрі мен жоралғылары да жаңа заман сынына алынған кезең еді. Сол кезеңде «Кедей» газетінде де осы тақырыпқа қатысты деректер болды. «Кедей» газетінде қалың мал берудің жайын айыптаған түрлі мақалалар жариялана бастағанда Қ.Жұбановтың да «Екі қой, бір тоқты киіт өтірік дейді» деген публицистикалық еңбегі жарияланады [4]. Қ.Жұбановтың ел өміріндегі әлеуметтік мәні зор мәселелердің бірі ретінде қалың мал беруді сынап, өз ойын ашық жазған мақаласы жұртшылықтың қызығушылығын туғызады. Қ.Жұбановтың публицист ретіндегі шеберлігін ғалым Ә.Оралбай: «Бұл кезеңде елде болып жатқан өзгерістің, жаңаның лебі, ескінің кейбір қалдықтары оның назарынан тыс қалмады», -деп көрсеткен [1, 42 б.].

Білімді жас жігіт Қ.Жұбанов Ақтөбе губерниялық оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқара жүріп, өзінің атқарып жүрген оқу-ағарту саласына қатысты істерді «Кедей» газетіне жариялап тұрған. Сондықтан оның оқу-ағарту майданындағы тынымсыз еңбегі жөніндегі деректерді сол кездегі «Кедей» газетінің сарғайған парақтарынан оқып-білуге болады. «Кедей» газетінде «Халық ағарту» айдарында «Мұғалім, зер сал, губатком, жәрдем ет» , «Ойыл комуне мектебі кімге тиіс?», «Оқу жайындағы мұңды осы бастан айту керек», т.б. мақалаларында Ақтөбе жеріндегі оқу-білім мәселесінің жайы туралы баяндалды. Қ.Жұбановтың «Халық ағарту ағысында төңкеріс толқыны» деген мақаласында елдегі қараңғылықпен күрес, сауатсыздықты жою, жаңа заманға сай білім беру, халықтың сауатын ашу жұмыстары, бұрынғы көзқарастарды жойып, елдің оқу-білімге деген ынтасын арттыру мәселесі бұрынғыдан да терең қарастырылады [5].

Қ.Жұбановтың «Кедей» газетінде білім беру, оған қатысты шаруалар жайы туралы мәселелердің жайын қозғаған өзекті мақаласының бірі «Оқу жайындағы мұңды осы бастан айту керек» деген еңбегі болатын [6]. Бұл мақаласында оқу жылы басталғанша мектепті оқуға дайындау, мамандарды орналастыру, оқу құралдарын табу сияқты мәселелердің алдын ала шешілуін қозғайды. Публицист Қ.Жұбанов елдің әлеуметтік өміріне, әртүрлі мекемелердегі шаруа жайына сын көзбен қарай отырып, дер кезінде атқарылмай ақсап жатқан жұмыстарды көрсетіп, бар істі өз уақытымен орындаудың маңызды екенін айта келіп, «Оқу сентябрьден

басталады. Мектептің көбінің әлі күйі жоқ, бары ондаусыз тұр, мұны ерте бастан қолға алу керек. Биыл, шүкір, егін талабы жаман емес, шарау көңілді, көбінің күшімен үйді сала қойса да, ондата қойса да ауыр болатын емес. Осы күннен қамын жеп, оқуды кідіртпеу керек», - деп жазған екен [1, 35 б.].

Ауыл адамдарының еңбегі мал шаруасымен тығыз байланысты болып отырған жағдайда шаруаның жайын білетін адамның сол малдың жағдайын жасауы елдің де игілігі болатынын насихаттаған Қ.Жұбановтың «Малды қауіпсіздендіру- шаруаның ырысы» атты мақаласының да маңызы зор [7]. Публицист Қ.Жұбановтың осы еңбегі жөнінде зерттеуші ғалым Ә.Оралбай: «Қайта оқу-ағарту саласындағы тынымсыз қызметіне қарамастан бұларға да өз көзқарасын білдіріп отырды. Бір атап өтерлік жайт - оның көзқарасынан мәселенің тың арнасы айқын сезіледі. Мәселен, «Малды қауіпсіздендіру- шаруаның ырысы» атты мақаласы да маңызды мәселенің байыбына баруға тырысқандығымен құнды», - деп жазған еді [1, 44 б.].

Жастайынан халық ауыз әдебиетін жатқа оқып, одан өзге елдің де әдеби шығармаларына қаныға бастаған Қ.Жұбанов публицистика саласындағы еңбектерімен ғана шектеліп қалмай, өзінің көркем әдебиеттегі шығармашылығымен де танылған еді. Көркем әдебиетке қадам басқан алғашқы шығармашылық ізденісін, қаламгерлік қабілетін байқататын елеулі еңбегі «Таңжарықтың қуанышы» атты әңгімесі болды [8]. Әңгіменің жалпы фабуласын айтсақ, кедей Таңжарықтың қуанышы, риясыз арманы туралы баяндалған. Теңдікке қолы жеткен ауыл адамы, кедей Таңжарықтың ой-арманы, оның өмірі, қуанышы мен алдағы мақсаты туралы көркемдік тұрғыда бейнеленген. Кейіннен бұл туынды «Кедей» газеті тілшілерінің Октябрь тойына арналған өлеңдері мен әңгімелері жинағы ретінде осы газеттің «Ұлы күн» деп аталған қосымшасында жарық көргенін айта келіп, ғалым Ә.Оралбай: «Аталмыш жинаққа енуі туындының оқырмандар тарапынан жылы қабылданғанының айғағы. Оның үстіне кейде бұл туынды памфлет ретінде де қарастырылады», - деп көрсеткен екен [1, 44 б.].

Халықты оқу-білімге үндеп, елдің сауатын ашып, оқу-ағарту ісін барынша жетілдіруге жан аямай еңбек сіңірген Қ.Жұбановтың басты мақсаты бұқара халықтың сауатын ашу, оларға білім беру болған. Осы бағыттағы елеулі мақалаларының бірін «Емтихан» деп атаған екен [9]. Өзінің журналистік зерттеу мақалаларының алғашқы жарияланымдарынан бастап-ақ оқу-ағарту жайына ерекше мән беріп, осы салада болып жатқан жаңалықтарды оқырманына тартымды етіп жеткізе білген Қ.Жұбанов еліміздегі барлық оқуға қатысты ортақ жайларды өзінің «Емтихан» деген тақырыппен Ақтөбе, Павлодар уездері мен Темір қаласындағы жағдайларды сын көзімен егжей - тегжейлі талдап жазғанын осы саланы зерттеген ғалым Ә.Оралбай еңбегінде жан-жақты талданған [1, 26 б.]. Осы мақалада елде оқу ісін ұйымдастару мәселесі, білім беру, сауат ашу ісіндегі орын алып отырған кемшін тұстар нақты көрсетіледі.

Өткен ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ ауылындағы тұрмыс-тіршілік жайы, елдің сауатсыздығы, ел билеушілер мен жергілікті ресми орындардың халыққа жасап отырған қысымы, түрлі әділетсіз істер қазақтың оқыған адамдарының еңбектерінде әртүрлі қырынан көрініс тапты. Солардың қатарында «Қазақ» газетінде Қ.Жұбановтың да қазақтың қамын күйттемейтін әкімшілік және сот құрылысындағы кемшіліктер жөніндегі «Қазаққа дұшпандық» деген мақаласы жарияланады[10]. Бұл мақаласында ауыл адамдарының сот ісіндегі жағдайларына алаңдап, өзі көріп жүрген Темір қаласындағы жергілікті сот ісіндегі кемшіліктерді көрсетіп, қазақтың қамын көп жағдайда ойлай бермейтін сот ісінде күнделікті шаруа жайында байқалып жататын жөнсіз әрекеттерді жеріне жеткізе сынап жазған [1, 26 б.].

Қ.Жұбанов қазақ баспасөзі тарихында 1916-1917 жылдары ғана шығып тұрған «Алаш» газетінде «Наурыз құтты болсын» деген өлеңін жазып, оны «Қараша бала» деген лақап атпен атап, елдің мейрамы наурызды ұмытпауға шақырады. Ал осы газетте жарияланған «Аянышты хал» деген фельетонында ауылдың жағдайы, халықтың күйзелісі мен нашар тұрмысы өткір сатира тілімен сынап жазылады [11].

Публицист Қ.Жұбанов ел ішіндегі өзекті мәселелерді көре біліп, оны газет арқылы жұртшылыққа ұсынып отырды. Қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мәселесі өткен ғасыр басындағы әдеби шығармаларда жан-жақты көтерілгені баршаға аян. Ескі өмірдің сарқыншағы деп сыналған салт-дәстүрдің бірі қалың мал беріп, қыз айттыру, әйелді малға сату, әйелдің теңсіздігі, өз бақыты үшін күресе алмауы сияқты үлкен әлеуметтік толғақты мәселелер сол тұста ерекше сөз болғанын білеміз. Қазақ әйелдерінің теңдік алғандығы, қыздарды сату, мал алуға тыйым салынғандығы, ал ескі дәстүрмен бұл жағдайды аттап өтпек болғандар заң жүзінде жазаланатындығы жарияланса да, әр жерде ескі салтпен әйелдердің теңсіздігі кездесіп қалатыны газет беттерінде сыналып отырған. Қ.Жұбановтың да осы тақырыпқа үн қосқан, көлемі шағын болса да көтерген жүгі мол «Әйел теңдігі туралы» мақаласы «Еңбекшіл қазақ» газетінде жарияланған еді [12]. Әйел теңдігі үшін күрескен Қ.Жұбановтың халқымыздың әйелдерінің жай-күйі туралы да мәселе қозғап, жаңа замандағы әйелдердің өз еркі өзіне тиіп, тепкіден құтылуы, теңдік алуы, олардың оқып, сауаттарын ашуы барлық қазақ әйелінің бақытты болуына ықпал етіп отырғанын, неғұрлым тез сауаты ашылса, соған орай олардың теңдікке де қолдары тез жететінін, сондықтан әйелдердің болашағын ойлаған азаматтар оларға көмектесіп, оқуға жіберіп, сауаттарын ашуына себепкер болуын, қыздардың білім алуы елімізге де пайдалы болатынын айтып, «Губернияда, орталықта ашылған әйелдер курсына бару туралы әйелдерге түсінік беріп, үгіт-насихат тарату керек», - деп жазғаны ерекше елін сүйген азаматтың ойы деп білеміз [1, 40 б.].

Қ. Жұбановтың газеттерде жарияланған мақалаларының барлығының да мәтіндері толық тексеріліп, мазмұны нақтыланып болған жоқ. Солардың қатарында оның «Еңбекшіл қазақ» газетінде жарияланған «Түс екен» [13], «Үлгі алындар» [14] деген мақалаларын алдағы уақытта толық зерттеу қажет. Бұл туралы ғалым Ә.Оралбай «сол кезеңнің үрдісі тұрғысынан жазылғандығымен құнды» деп қана көрсетіпті [1, 42 б.]. Қ.Жұбанов оқу-ағарту жұмыстарына белсене араласып, білімді маман ретінде білім беру ісін жақсарту мақсатында өзінің көмегін көрсетіп қана қоймай, қажет деп тапқан ойларымен газет беттерінде бөлісіп отырған. Қ.Жұбанов «Еңбекшіл қазақ» газетінде «Темір уезінің оқушылар тобы», «Коммуна мектептері жетіжылдық болсын», «Аулақтан оқыту», «Жаңа әліпті алу мәселесі туралы», «Бас әріп керек пе?», «Емле жайындағы пікірлер», т.б. мақалаларында оқу-ағарту ісі, білім беру жайы, сауатсыздыққа қарсы күрес, мектептегі оқу барысы, т.б. туралы өзекті мәселелерді көтерген. «Темір уезінің оқушылар тобы» атты мақаласында Темір уезіндегі оқу-ағарту ісінің барысы, ауылдағы шаруа жайы мен сауатсыздық мәселесі туралы баяндаған [15].

Ауыл өміріне қанық Қ.Жұбанов «Қара қызметтің түрін айыру керек» мақаласында қазақтың тіршілігінде мал бағып, егіншілікпен айналысқан адамдардың еңбегін әділ бағалап, олардың атқарған ісіне қарай ақысын да дұрыс беру керектігін, ауылдағы малшы мен егінші сияқты жұмыс жасайтындар мен олардың жұмыс түрлерін арнайы мамандық ретінде танып, еңбекақы төлеу заңдарын да соған сәйкестендіру, еңбек тәртібі заңдылықтарын реттеу сияқты өзекті мәселелерді ортаға салады [16]. Осы мақала жөнінде ғалым Е.Маралбек: «Автор заң мен тұрмыс-тіршіліктің ұдайы қабыса бермейтінін, кейбір құзырлы органдар мен заңнамалық құжаттардың қызметі жергілікті ерекшеліктерге негізделуі керектігін байқайды және зиялы қауым назарын соған аудартқысы келеді», - деп көрсетеді [3, 97 б.].

«Еңбекшіл қазақ» газетінде жарық көрген Қ.Жұбановтың келесі мақаласы «Коммуна мектептері жетіжылдық болсын» деп аталған [17]. Бұл мақалада да оқу-ағарту ісінде мектептердегі оқу мерзімінің қатаң сақталуының маңыздылығы атап көрсетіледі. Ал «Аулақтан оқыту» атты мақаласында Қ.Жұбанов мамандар дайындаудың тиімді жолдары туралы өз ойын білдіреді [18]. Қазіргі кезде де дамыған заманның қажеттілігі болып отырған мәселе ретінде оқып-білім алудың қашықтан оқу түрі болса, осыған ұқсас ойды кезінде «Аулақтан оқыту» атты мақаласында қозғағанын, журналист ретінде сол тұста-ақ қоғамның сұранысын ерте бағамдай білгенін байқауға болады. Осы мәселеге терең ой жібере отырып, әр шаруашылықта мамандардың жетіспеушілігі жұмысқа кедергі болатынын таныта білді. Елде оқытушы, фельдшер, есепші (бухгалтер), сот, милиция қызметкері деген мамандардың тапшылығын, осы қызметте жүргендердің өзінің білімдері тайыз екендігін, барымен базар деп, лаждап жүре беруге болмайтынын, сонымен бірге мектеп, аурухана, т.б. мекемелер көбейіп келе жатқанын, мамандары жетіспеушілігінен шаруа жайы да ақсап жатқандығын, сондықтан

осы жерлерде жұмыс жасайтындардың да білімдері терең болуы тиіс екендігін мәселе етіп көтеріп, «Қазіргі екпінді жұмыс - осы жоқты табу, бардың «жыртығын» жамау - білімін толықтару», - деп мамандардың жетіспеушілігін шешудің жолдарын көрсеткен бұл мақаласы қазір де өзекті болып отыр [1, 30 б.]. Шаруа жайын тиімді шешу жолын көрсете білген журналист маман осы мақаласында нағыз зерттеуші, байқампаз, мәселе жайын шешудің ретін білетін іскер азамат ретінде әр салада мамандардың қажеттілігін көрсетіп, сондықтан одан шығар жол ретінде аулақтан оқытуды алға тартады.

Қ.Жұбановтың газет туралы, оның көтерген өзекті мәселелерінің ел үшін маңыздылығы, баспасөздің қадір-қасиеті туралы жазған еңбегі «Газет - көпке ортақ» деп аталған мақаласы [19]. Бұл туралы ғалым Ә.Оралбай өз зерттеуінде Қ.Жұбановтың газеттің көптің көкейінде жүрген мәселелерді көрсете білуін, сонда ғана жұртшылықтың жүрегіне жол таба білетінін әрі оқырманы да көп болатынын көрсеткенін айта келіп, «Публицист сол кездегі елді елең еткізерлік проблемалардың қай-қайсысынан да бойын аулақ салмады. Қайта оқу-ағарту саласындағы тынымсыз қызметіне қарамастан бұларға да өз көзқарасын білдіріп отырды», - деп жазған еді [1, 43 б.]. Газет елдің қай саладағы шаруасына да қажет құрал екендігін, сондықтан осы салалардың барлығы да газетке қолдау көрсетуін, қаржылық жағын да шешуі және газеттің өзі де атқарар жұмыстары жөнінде айтылған.

Халыққа білім беру саласында тынбай еңбектенген Қ.Жұбанов осы бағыттағы жұмыстардың кемшілігі мен тиімді жолдарын анық байқап, осы кемшіліктерді түзеп, мектептегі білім беру жұмысын жақсартуға барын салған. Оның осындай көзқарастарын танытатын мақалаларының бірі «Төтерек жол керек» деп аталыпты [20]. Бұл мақаласында мектепте мұғалімдердің тапшы екендігі, олардың білім берудегі осал тұстары, мұғалім дайындау ісінде оларға білім беру жағына ерекше мән берілуін, одан кейін әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жүргізу шеберліктерін шыңдау мәселелері туралы баяндаған. Осы еңбекті архивтегі сирек қорлар сандарынан тауып, мақала жазған ғалым Е.Маралбек: «Қай ғасырда болмасын, елдегі мамандықта теңгерімнің болмауы – ел дамуын тежейтін факторлардың бірі. Ал мамандықтың теңгерімді болуы – қоғам дамуын орнықты, үдемелі жүзеге асыратын шарт. Мұны бүгінде сұранысқа сай маман тәрбиелейтін батыс елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Міне, елдің дамуына аса қажет бұл мәселеге алғаш зер салған ғалымдардың бірі тағы да Құдайберген Жұбанов деуге болады», - деп ой қорытқан [3, 98 б.].

Ғалым Ә.Оралбай өз зерттеуінде: «Қ.Жұбанов сол кезеңдегі түркі халықтарының озық ойлы қайраткерлері көксеген латын жазуына көшу идеясынан тысқары қала алмады. Ғалым Ә.Оралбайдың көрсетуінше, Қ.Жұбанов латын алфавитіне көшуді жақтап, СССР Орталық Атқару Комитеті жаңа (латын) алфавит көшудің Бүкілодақтық Орталық Комитетіне

Қазақстанның өкілі ретінде қатысып, жаңа алфавит туралы жасаған баяндамасы кейіннен «Еңбекші қазақ» газетінде «Жаңа әліпті алу мәселесі туралы» тақырыбымен жарияланған [2, 36 б.]. Қ.Жұбанов «Жаңа әліпті алу мәселесі туралы» мақаласында латын әріптерін алудың тиімді тұстары мен ерекшеліктерін көрсеткен [21]. Оқу-ағарту ісіне өмірін арнаған Қ.Жұбанов елдегі білім беру жұмыстарын барынша жақсарту мақсатында өз көзқарастарын газет арқылы да жеткізуге күш салған. Журналист ретінде қалам тербеген «Еңбекші қазақ» газетінде фельетон түрінде жазылған «Түпсіз астау, «құдай» және Ақтөбенің ілім-мәдениет орындары» мақаласы басылған еді [22]. Аталған фельетонда Ақтөбедегі Қазақстанды зерттеу қоғамы, губерниялық жаңа әліпби комитеті мен ағарту мекемелерінің сол тұстағы ішкі жайы туралы айтып, олардың арасында жұмысы ақсап жатқандарын көрсетіп, құдай секілді «бар, бар бола тұрып жоқ, іздесең таба алмайсың» деп, оларға берілген тапсырма, нұсқаулар да жоғалып, түбі тесік астау сияқты далаға ағып кетіп жатқанын сынға алады.

